Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Шашу»** **Оқу-танымдық кешені** Жоспарға сай жұмыстар жасалады.Ас үй заты: Тәрелке» **«Не өзгерді»** **Мақсаты:**Суретке қарап, анықтай алу дағдысын меңгереді.Тәрелке ішіндегі **Шарты:**киімдерді өз түстері бойынша, машинаға салу(**Математика негізде-**	Отбасы туралы пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындау. **(Математика негіздері)** Табиғи материалдардан үйді сәндеуге арналған заттар жасау. **(Құрастыру)**	«Ұлттық ойындармен ойыншықтар» балалардан дене тәрбиесі іс әркетінде қандай ойындар ойнаған сұрау. Ол ойындар несімен ерекше екенін сұрау. Шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету **(Сойлеуді дамыту)**	Бастырма суретті бояу. Дайын боямақтарды өз қалаулары бойынша бояйды. **(Сурет салу)** «Бес асық» ойнау. **(Дене тәрбиесі)**	Түрлі (жаяу жүргіншіге, көліктерге)жолдарды құрастырмалы материалдардан салу **(Құрастыру)**

	рі)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сурет** **Тақырып:**«Жылғалардан су ақты» **Мақсаты:**Көктем мезгілі туралы біледі.Еріген қарға бақылау жасалады, жылғалардан сылдырап аққан судың суретін салады, гуащь бояуымен бояйды. **Қазақ тілі** **Тақырып:**«Менің киімдерім» **Мақсаты:**Киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру;сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру. **3.Қоршаған орта.тан/у** **Тақырыбы:**«Табигат бұрышын мекендеушілерді білесің бе?» **Мақсаты:**Табигат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. Өз нысанын суреттеу кабілеттерін; зейінін және есте сақтау кабілеттерін дамыту.	**Музыка** **Жетекші жоспарымен** **Сауат ашу негіздері** **Тақырып:**«Біз нені үйрендік, нені білдік?» **Мақсаты:**Суреттерді атау, дыбыстық талдау жасау. Жуан,жіңішке дыбыстарды ажырату. **Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Не неге ұқсайды» **Мақсаты:**Әр топтағы заттардан артық затты табады,пішіндерге ұқсас заттарды табады пішіндерге ұқсас заттардың суреттерін салады.Фигуралардың реттілігін сақтап, суретті аяқтайды.Пішіндерге ұқсас заттарды ойша айтады. **4.Көркем әдебиет** **Тақырып:**«Жақсы мен жаман» **Мақсаты:**Әңгімені мәнерлеп, түсінікті етіп оқып бере отырып,әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адамдар қолымен жасалатынын ұғындыру.Сұрақ-жауан	**Сауат ашу негіздері** **Тақырып:**«Біз нені үйрендік» **Мақсаты:**Суретті атау, буынға бөлу,екі буыннан тұратын затты екі терезеге, үш буыннан тұратын затты үш терезеге сызық арқылы қосу және суретті атап дыбыстық сызбамен тиісті суретпен сәйкестендіру. **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**«Қасқыр мен түлкі» **(Ертегі)** **Мақсаты:**Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету. Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.Балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу. **Қазақ тілі** **Тақырып:**«Тазалықты сүйеміз» **Мақсаты:**Сөздері сөз тіркесімен айтуға, сойлем құрауға жаттықтыру. Өз іс-әрекеттерін айта білуге үйрету. **Дене шынықтыру.** **Тақырып:**Спорт түрлері.	**Музыка** **Жетекші жоспарымен** **Сауат ашу негіздері** **Тақырып:**«Біз нені үйрендік» **Мақсаты:**Суретті атау, буынға бөлу,екі буыннан тұратын затты екі терезеге, үш буыннан тұратын затты үш терезеге сызық арқылы қосу және суретті атап дыбыстық сызбамен тиісті суретпен сәйкестендіру. **Математика негіздері** **Тақырып:**«Ауызша берілген тапсырмаларды орындау» **Мақсаты:**Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты,ойлауды,алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге үйрету. Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету. **4.Сойлеуді дамыту** **Тақырып:**«Қасқыр мен түлкі» **ертегісі.** **Мақсаты:**Ертегіні мазмұны бойынша әңгімеле-	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:**«Әз, Наурызым, армысың» (өлең) О.Асқар. **Мақсаты:**Өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату.Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табигат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. **Математика негіздері** **Тақырыбы:**Салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру.Есте сақтау, сойлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:**«Туган өлкенің өсімдіктері» (ағаштар,

	4.Дене шынықтыру **Тақырыбы:**Мұздағы ойын. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзгеойыншылары-ның қимылдарымен үйлестіре білуін калыптастыру.Жағдайдың өзгеруіне карай бағытты өзгерте алуды жалгастыру.	арқылы балалардың ойын толық айта біледііне назар аудару.Балаларды еңбек етуге тәрбиеленеді. **5. Жас экологтар.**	Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке, тәрбиелеу. **Кішкентай ізденушілер**	ту.Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу	бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. **Дене шынықтыру.** **Тақырып:**Спорт түрлері. Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке, тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	Көктемгі және қысқы ауа райының ерекшеліктерін бақылату. Көктеммен қыстың айырмашылығын зерттеуін ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Көктем туралы көңілді әндерді тыңдап, еркін би қимылдарын жасату. **(Музыка)** Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» Еркін ойындар	Түске дейінгі серуенде алып шыққан сұйықтықтардың қатуын бақылату. Айырмашылықтарын анықтату және ертеңге дейін қалдырып, қандай өзгерістер болатынын зерттету. **(зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойындар.** Ынта мен шыгармашылық таныта отырып,таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруга мүмкіндік беру.Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.Балаларды жарыс элементтері бар ойындар	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Көктемгі орманды лего құрастыру болшектері арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруга бауду **(танымдық іс-әрекеті)** **Қимылды ойындар.** Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын **Қыз –қуу**	Қимылды ойын «Қу түлкі» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласындағы ағаштарды бақылату.**(танымдық, еңбек іс-әрекет)** Қимылды ойын **Түйілген орамал.**	таңдауы бойынша ойындар ойнату Қимылды ойын «Қармақ» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылды ойын Сақина жасыру

		мен эстафеталық ойын-дарға қатысуға баулу. «Арқан тарту» ойынын ойнату.			
Серуеннен оралу	«**Үнемді тұтыну»** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. **Тазалық:** Сылдыр сылдыр сылдыр- су Беті қолды әркез жу, Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **дербес кимыл әрекеті).**				
Түскі ас	**Үнемді тұтыну»**Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүртү, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотриканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотриканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сойлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексаздан бәйшешек мүсінін жасату, суретін салғызу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** Терезеге қарап, көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер жүргізу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылық іс-әрекет)**	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Көктем мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салғызу, мүсін жасату немесе қағаздан қиып жапсыруына ерік беру. **(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату. **(еңбек іс-әрекеті)**	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін-алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға;қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы,төменгі,оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **(бейнелеу іс-әрекеті)** «Гүлдер таласы»ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	«Көктемнің белгілері» тақырыбында композиция жасату. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)**
Балалармен жеке жұмыс	Нұрайым мен Айшаға шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеуге талпындыру.	Ади мен Исламға ересектермен карым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізе алуға көмектесу.	Димаш мен Халидаға қайшы мен желімді дұрыс қолдана алуға баулу.	Әлинұр мен Аяулымға әртүрлі пішіндегі заттарды киюды талпындыру.	Сандуғаш пен Бақытжанға геометриялық пішіндерді ажыратып, атауды үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
	«Ұлттық ойын -ұлт қазынасы»				
Серуен	**Ұлттық ойын:**	**Ұлттық ойын:**	**Ұлттық ойын:**	**Ұлттық ойын:**	**Ұлттық ойын:**

	«Арқан тартыс» Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, алғампаздыққа тәрбиелеу.	**«Күш сынасу »** Мәндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру.	**«Теңге алу»** Міндеті: Балаларды шапшандылықпен, шыдамдылыкка тәрбиелеу.	**«Бес тас»** Міндеті: Балалардың адамгершілік патриот-тық сезімдерін оята отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу.	**«Асық»** Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету.
Серуеннен оралу	**«Үнемді тұтыну»** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.Топка оралу кезінде жылдам қатарга тұруды дагдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу,өлеңдер, әндер жаңылтпаштар,санамақтаржәне т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	**«Өнегелі 15 минут»** - Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.8-Наурызга байланысты балалардың биін, әндерін,тақпақтарын қайталату.				
	Ата аналарга кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Тексерілді
07.03.25ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2- апта
«Күншуақ» мектепалды тобы 11.03-14 .03.2025жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.02.	Сейсенбі 11.03.	Сәрсенбі 12.03.	Бейсенбі 13.03.	Жұма 14.03.
		Музыка Сауат ашунегіздері Математика негіздері Көркем әдебиет **5.«Жас экологтар»**	Сауат ашу негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру **5.«Кішкентай ізденушілер»**	Музыка Сауат ашунегіздері Математика негіздері Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет Қоршаған орта.тан/у Дене шынықтыру
Балаларды қабылдау	**«Тәуелсіздік және отаншылдық »** **«Өнегелі 15 минут»** Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау.Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру.Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. **Күй күмбірі: «Керілме» күйін тыңдату.** Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балаларды қабылдау кезінде үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту.Музыканы тыңдауға қызығушылық қалыптастыру, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге қызығушылығын арттыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.	Қауіпсіздік ережесі: Серуен кезіндегі өзін өзі ұстау ережелері, лифті, подьезд,баспалдақтан түсу қауіпсіздігі туралы әңгімелесу. «Біз бейтаныс адамдарға сенбеуіміз керек және олардың отініштеріне ермегеніміз жөн. **Дәйек сөз: «Тәуелсіздік-тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»**				
Балалардың дербес әрекеті (бөбекжимылдау ойындар,үстел үстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		«Әкенің еңбегі- елге үлгі, ұрпаққа өнеге» Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған шебер- класс.	«Буынға бол» Мақсаты: Сөздерді буынға бөледі. Есту қабілетін, таным білуге деген қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды. **(сауат ашу негіздері)**	«Үшқыр ой алаңы» **«Тіл -ел байлығы»** **Мақсаты:** Балалардың өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп ,ана тілінің көркемдігін сезіну. **Коммуникативті дағдылар**	**«Смарт бала жобасы»** **«Тақия»** **Мақсаты:** Ұлттық киімдерді дәріптеу.Саусақ моторикасын және ойлау қабілетін дамыту. **Әлеуметтік дағдылар**
Таңертеңгі жаттығу	**Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені** (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою.Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау патриоттық сезімдерін ояту.				
Таңғы ас	**«Үнемді тұтыну» Тұрмыста қолданылатын сабынды үнемдеу, ұқыппен қарауға тәрбиелеу.Балалардың ойлау қабілеттерін зейінін дамыту.** *Дымқылдап күнде сен* *Қолына сүйкесең.* *Кетіп кір ласың.* *Тап таза боласың!* Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде құлы шашыратпау, білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.	Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.	Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.	Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** Жетекші жоспарымен. **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Біз сөйлем құрай аламыз» Мақсаты:Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру. Созді буынға боле алу дагдыларын бекіту.Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қоргауга тәрбиелеу. **2.Математика негіздері** **Тақырыбы:**«Нені білеміз, нені жасаймыз» Қарапайым есептерді шығарады. Әр катардағы әженің жіп орамдарын санайды, санын жазады. Шарлардың суретін штрихтайды. **Көркем әдебиет** **Тақырып:**«Досына серік бол» («Құмырсқа» казақ халық ертегісін сахналау) **Мақсаты:** Сөздік корын молайту, дыбыстарды анық айтуға үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дауыс ырғак-	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Біз сөйлем құрай аламыз» **Мақсаты:** Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру. Созді буынга боле алу дагдыларын бекіту.Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қоргауга тәрбиелеу. **Сойлеуді дамыту** **Тақырыбы:**«Наурыз –көктем мерекесі» Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. **Қазақ тілі** **Тақырып:** «1001 мақал,101 жұмбақ пен жаңылтпаш» ойыны **Мақсаты:**Сөздік корларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. Жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру, қайырым-	**Музыка** Жетекші жоспарымен. **Сауат ашу** **Тақырыбы:**«Дыбыстық талдау» **Мақсаты:**Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дагдыларын бекіту.Графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық есту, сойлеуді,зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту.Дербес жұмыс істеу алуга және ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Заттарды таразыға орналастыр» **Мақсаты:** Жапсырмаларды таразының табақшаларына орналастырады,салмағын анықтайды. **Сойлеуді дамыту** **Тақырыбы:**«Наурыз – көктем мерекесі». Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Салт-дәстүрді құрметтеуге	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Үш қыз» (татар халық ертегісі) **Мақсаты:**Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. **Математика негіздері** **Тақырып:** «Заттарды таразыға орналастыр» **Мақсаты:**жапсырмаларды таразының табақшаларына орналастырады, салмағын анықтайды. **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:**«Қар ерін. суға айналды» **Мақсаты:**Судың: катты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастырады.Балаларға

		тарын сәйкестендіре іс-әрекет жасай білуге баулу, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; достықты, туыстықты қадірлей білу тәрбиелеу **4.Жас экологтар** **Тақырыбы:** Экологиялық ертегілер бойынша саяхат. **Мақсаты:**Балаларды табиғат туралы ертегілерде, табиғатта жүріс-тұрыстың қабылданған ережесіне сәйкес кейіпкерлердің әрекеттерін талдауға арқылы табиғат тіршілігін әсемдігіне тәрбиелеу.	дылыққа тәрбиелеу. **Дене шынықтыру.** **Тақырып:** Өз бетімізбен жаттығамыз. Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдылан/ру **5.Кішкентай ізденушілер.** **Тақырыбы:**Магниттің түрлері. **Мақсаты:**Магниттің күшін салыстыру әдісімен таныстыру	тәрбиелеу.	қарапайым ғылыми білім беру. Зерттеушілік іс-әрекеттеріне баулиды. **4.Дене шынықтыру** **Тақырып:** Өз бетімізбен жаттығамыз. Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барыпдоп лақтыруға дағдылан/ру
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен				
Серуен		Қозғалыстағы ойын. Гүлзарда қар тоқтатуды орнату Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту (өзірді тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру. (жаппай бақылау, дене белсенділігі)	Ерікті ойын: Қозғалыстағы ойын «Кім озды?» Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру. Еңбекке баулу. жаппай бақылау, дене белсенділігі)	Ерікті ойын «Мысық пен тышқан» Тәжірибе.Қардың қасиеттері. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарды сумен суарсаң,одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.(жаппай бақылау, дене белсенділігі)	«Аяз-Қызыл мұрын» Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде-қатырып тастаған жерде тоқтайды).Ойында достықты және өзара көмекті көрсету. (құрылымдалған бақылау, дене белсенділігі)
Серуеннен оралу	**«Үнемді тұтыну» Сабынды күтіп қолдану, балаларды тазалыққа шақыру.** *Ертемен күнде сен* *Қолыңа сүйкесең,* *Кетіп кір ласың*				

	Тап таза боласың. Сөйлеуді дамыту) Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.(**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	**«Үнемді тұтыну» Сабын көпіршіктерімен ойнамау, тиімді қолдану.** Кір киімді қалайды Өзі кірді жалайды, Суға түссе шомылып Дақты жояр талайғы. Берілген тағамды толық ысырапсыз жеуге мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.Бесік жырын айтып беру(**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, сүлгімен сүрту, сүлгіні өз орнына ілін қоюға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін	Төсектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, төсектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: жанды үйтпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды **үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптаркарау және тағы басқа әрекеттер)		«Бір сөзбен ата» Мақсаты: Заттарды атап топтастыра білуге үйренеді, тілдік қорлары дамиды. Заттың сипатын дұрыс айтуға үйренеді, танымдық қабілеті артады. (сөйлеуді дамыту)	«Сөйлем құрастыр» Тәрбиеші лотодан суретті 2 карточканы топқа ұсынады. Балалар жарты шеңберге отырады.Кезекпен әрбіреуі суретке қатысты сөйлем құрастырады. (сөйлеуді дамыту)	«Буынға бөл» Мақсаты: Сөздерді буынға боледі. Есту қабілетін, танып білуге деген қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды.(сауат ашу негіздері)	«Ойлан тап» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, жинақы болуға тәрбиеленеді және балалардың тілі дамиды.(сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс		Айша мен Ақтанға Өткен дыбыстарды көркем жазуды орындау.	Алинұр мен Бекасылға Сандарды салыстыруды үйрету.	Сандуғаш мен Аяулымға құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуды, бірге, келісіп ойнауға талпындыру.	Хамза мен Шоканға Сөздерге дыбыстық талдау жасау.Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйрету.

Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, кол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сойлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен		Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» Көңілді музыкаға би билету. Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілікке дайындық **(музыка)** Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Поезд» Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Кетті кетті» Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Ақ серек көк серек»
« Ұлттық ойын -ұлт қазынасы»					
		Ұлттық ойын: **«Бәйге»** Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін калыптастыру.	**Ұлттық ойын:** **«Тақия тастамақ»** Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу.	**Ұлттық ойын:** **«Қыз қуу»** Міндеті:Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу.	**Ұлттық ойын:** **«Бес асық»** Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету.
Серуенге дайындық	«Үлкенді құрметтеу» Сабырлы үлкенді пайдалана білу, таза ұқыпты қолдана білуге үйрету. Жаны бардай сыргиды Жібермеймін мен оны, Ақ көбігі көпіршиді, Қол жуға ерінбейді.**(Сөйлеуді дамыту)** Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (**коркем эрекет, дербес ойын эрекеті).** «Онегелі 15 минут» - Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дагдыларын қалыптастыру. Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.Наурыз мерекесіне дайындық Тақпақ әндерін жаттату. Ересектермен, балалармен жақтам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (**коркем эрекет, дербес ойын эрекеті).**				
Балалардың үйге кайтуы		Кешкі ертегі, балалар калауымен.Бала өмірдегі отбасының маңызы туралыэнгімелесу.	Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы эңгімелесу .	Бала өміріндегі ертегінің маңызы.	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

Наурыз айы 3- апта

«Күншуақ» мектепалды тобы 17.03-20.03.2025жыл

Тәрбиешілер: Токпанова З.А. Байсеркешова Г. А.

Бекітемін
Нұрл 14.03.25ж.

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 17.03.**	**Сейсенбі 18.03.**	**Сәрсенбі 19.03.**	**Бейсенбі 20.03.**	**Жұма 21.03.**
	Сурет-0,25(1) Жапсыру-0,25(2)0 Құрастыру-0,25(3) Мүсіндеу-0,25(4) Қазақ тілі Қоршаған орта.тан/у Дене шынықтыру	Музыка Сауат ашунегіздері Математика негіздері Көркем әдебиет **5.«Жас экологтар»**	Сауат ашу негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру **5.«Кішкентай ізденуші-лер»**	Музыка Сауат ашунегіздері Математика негіздері Сөйлеуді дамыту	
Балаларды қабылдау	**«Тәуелсіздік және отаншылдық»** **«Өнегелі 15 минут» -** Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Достарына сәлемдесіп, қарсы алу.Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгімелесу. Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгімелеу. **«Күй күмбірі» (Қызыл қайың күйін тыңдату)** балаларды қабылдау кезінде үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылық қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге қызығушылығын арттыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	**Қауіпсіздік ережесі:** Үйдегі,көшедегі,табиғат аясындағы, тұрмыстағы электр құралдарымен,қауіпті,өткір,ұшқыр жарылғыш,жанғыш заттарды қабылдамау қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Дәйек сөз:«Ар намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»**				
Балалардың дербес әрекеті баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптаркарау және т.б әрекеттер	**«Ұшқыр ой- алаңы» жобасы** **Тіл ең қымбат қазына»** Сөздік қорларын дамыту,дыбыстарды анық айтуға өз тілін құрметтеуге үйрету.	«Ретімен әңгімеле» Мақсаты:Балалар суреттер бойынша әңгімелеп құрастыра алады. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	**«Смарт бала жобасы»** **«Құстарды құрастыру»** **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық таныту. Саусақ моторикасын және ойлау қабілетін дамыту. **Әлеуметтік дағдылар**	**«Наурыз жыл басы»** **Мерекелік іс-шара** **Мақсаты:** Балаларға наурыз туралы түсінік беру.	
Таңертенгі жаттығу	**Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күйделікті қою,Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау патриоттық сезімдерін ояту.**				
Таңғы ас	**Үнемді тұтыну: «Қуат көзін үнемдеу оны жүзеге асыру»**				

	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы,тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін коректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.	Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.	Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау,табақ,тостаған,керсен, ожау, күбі торсық және т.б.),тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ,кебеже,диірменжәне т.б),зергерлік бұйымдарымен (білезік,сырға,сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру,аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен(моншақ,дән және т.б.)безендіру,жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.	
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Құрастыру** **Тақырыбы:** «Моншақ пен дәндер әшекейі» Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіруді қалыптастыру.Заттардан қалауы бойынша оларды ою-өрнектермен безендіруді жетілдіру.	**Музыка** **Жетекші жоспарымен** **2. Сауат ашу** **Тақырыбы:**«Дыбыстық талдау» Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыс-сыз дыбыстардың анықтату	**Сауат ашу** **Тақырып:** «Дыбыстық талдау» Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.Әркашанда ақжар-	**1. Музыка** **Жетекші жоспарымен** **2. Сауат ашу** **Тақырып:** «Біз нені үйрендік?» Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру. Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және	

	Қазақ тілі **Тақырып:** «Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Кітаптар карату, әңгемелесу. **3. Қоршаған орта** **Тақырыбы:** Үй-жайларда,балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданды еркінбағдарлай білуді үйрету.Балабақша ауласының картасын салуға үйрету. **Дене шынықтыру** **Тақырып:**Қ.Р халықтарының ойындары **(таза ауада)** Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау.Түрлі қимыләрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзгеойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру.	арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.Әркашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу. **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, Олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. **Көркем әдебиет** **Тақырып:**«Арыстан мен тышқан»**(көленке театры)** **Мақсаты:**Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, көленке театрымен көрсетуге үйрету, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу. **Жас экологтар»** **Тақырыбы:** «Жасыл табиғатым тамаша» **Мақсаты:**Балаларға көктем мезгілінде жасыл табиғаттың ерекшелігін бақылау, табиғатты аялауға баулу.	қын жүруге тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш **(мысал).** Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.Еңбеккорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу. **Қазақ тілі** **Тақырып:** «Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Кітаптар карату, әңгемелесу. **Дене шынықтыру** **Тақырып:**«Волейболшының жаттығуы» Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларынинтеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру. **5.Кішкентай ізденушілер** **Тақырыбы:** «Тас» **Мақсаты:**Табиғи құбылыс жанартаудың қалай пайда болатындығы туралы түсінік беру	де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту.Еңбеккорлыққа тәрбиелеу. **Математика негіздері** **Тақырып:** Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**«Мен ғарышкер боламын. **(өлең)»** Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. Еңбеккорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**					

Серуен	Бақылау: Балабақша ауласын бақылау. Балабақша үлескесіндегі кандай өзгерістер болғанын әңгімелеп бақылату. Үлескедегі еңбек: Балабақша үлескесіндегі тас жолдарды тазарту. Сыпырғышпен тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жүйрік», «Сап құру» жылдамдықпен ойнауға үйрету. Жеке жұмыс: жұмбақтар шешу: Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты Ұшқырлардың жүйрігі (Қарлығаш) Өзіндік іс – әрекет: балабақша үлескесіндегі ағаштардың аттарын атай білуге дағдыландыру.	Бақылау: Күнді бақылау. Балаларға күннің қызуын бақылай отырып, сипаттай білу. Күнім – ау, күнім- ау Тұрасың күліп – ау Жылуың шашырап. Үлескедегі еңбек: Ауланы жинау.Балаларды айналаны таза ұстауға, тазалықты сүйе білуге үйрету. Қимылды ойын: «Соқыр теке» Мақсаты:балалардың тілін дамыту,ептілікке баулу. Жеке жұмыс:Тіл ұстарту. Ауыл маңын араларда Мысық көрсе анық танып, Дабыл қағар қара қарға Қар – рық Қар – рық, қар – рық... Өзіндік іс – әрекеті: күн туралы	Бақылау: Аспан әлеміне бақылау жасау.Аспан әлеміндегі бұлт,күн,ай, жұлдыздар туралы әңгімелеу. Көгілдір түстің біздің туымызбен бірдей екенін сезіну.Көктемгі көріністі байқау, бұлттың түсін, көлемін анықтау. Үлескедегі еңбек: Ойын құралдарын тазалау. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, өз заттарын таза ұстауға үйрету. Қимылды ойын:«кім бірінші жетеді», «Ине мен жіп». Мақсаты: тапқырлыққа, жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету,ептілікке баулу. Жеке жұмыс:Сан таңбаларын қайталау. Үлкен санға дейін санау таңбасын таба білуге үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Бұлттардың калай козғалатынын байқау.	Бақылау: Құстың ұясын. Тал басында бір отау (Ұя) Балаларды құстың ұясын бұзбауға, оған камкор болуға,жанашырлық жасауға үйрету. Үлескедегі еңбек: Жыра жүргізу. Күннің көзіне еріп жатқан қарлардан жыра арқылы жүргізу. Қимылды ойын: «Такия тастамақ». Қимыл – іс әрекетін дамыту, аңғарымпаздылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балалардың тілін дамыту. 1 дегенім – біреу, дегенім – егеу, 3 дегенім – үсік, 4 дегенім – төсек Өзіндік іс – әрекет: құстың ұясын жасап үйрену.	
Серуеннен оралу	**Үнемді тұтыну:«Жарықты өшіруді ұмытпау»** Сымға жалғанып Сыммен бойлайды, Ол келсе шам жанып, Үй іші жайнайды. Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын калыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	**Үнемді тұтыну:** Жарықты үнемді пайдалану түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау:қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүртү, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»				

	Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында карапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптаркарау және тағы басқа әрекеттер)	Таңертеңгілік шеңбер. «Біз доспыз!» Әр ұлтты құрметтеу. **Әлеуметтік дағдылар.**	Ойын«Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтай алады); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б **Әлеуметтік дағдылар**	Көктем туралы тақпақтар жаттау **Көркем әдебиет, коммуникативтік дағдылар.**	Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектесу. **Әлеуметтік дағдылар**	
Балалармен жеке жұмыс	Айша Мен Сандуғашқа айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы білуді ынталандыру.	Әлинұр мен Ақтанға әртүрлі жылдамдықпен баяу, жылдам,орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге дағдыландыру.	Нұрайым мен Исламбекке 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету.	Ислам мен Хамзаға заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу.	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
	Ұлттық ойын -ұлт қазынасы»				
Серуен	**Ұлттық ойын:**	**Ұлттық ойын:**	**Ұлттық ойын:**	**Ұлттық ойын: «Тақия**	

	«Теңге алу» Міндеті: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	**«Түйілген орамал»** Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру.	**«Бәйге» ойыны** Міндеті: Балаларды шапшаңдылықпен, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	**жасыру»** Міндеті:Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оята отырып тәртіпті бала болуға тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	**Үнемді тұтыну**:Күш қуатын үнемді қолдану. Жарықты өшіруді ұмытпау.Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** **«Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.Бала тәрбиелеуде ата-аналарға кеңес беру және түсінік жұмысын жүргізу.				
Балалардың үйге қайтуы	Наурызға байланысты табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.	Балаларға әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 4 -апта
«Күншуақ» мектепалды тобы 26.03-28.03. 2025 жыл
Тәрбиешілер: ТоқпановаЗ.А. Байсеркешова Г.А.

Күн тәртібі			Сәрсенбі 26.03.	Бейсенбі 27.03.	Жұма 28.03.
			1.Сауат ашу негіздері 2.Сөйлеуді дамыту 3.Қазақ тілі 4.Дене шынықтыру 5.«Кішкентай ізденушілер»	1.Музыка 2.Сауат ашунегіздері 3.Математика негіздері 4.Сөйлеуді дамыту	1.Көркем әдебиет 2.Математика негіздері 3.Қоршаған орта.тан/у 4.Дене шынықтыру
Балаларды қабылдау	**«Тәуелсіздік және отаншылдық»** **«Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ата-ананың балаға еркін ойнауына мүмкіндік жасау, ойынға деген қызығушылықты арттыру **«Күй күмбірі»(Тәуелсіздік күйін тыңдату)** балаларды қабылдау кезінде үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылық қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге қызығушылығын арттыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.	**Қауіпсіздік ережесі** : **«Балабақша мен үйдегі қауіпсіздік»** Бұралқы жануарлармен ойнамау. Терезе алдына шықпау. Қоқыс,құрылыс алаңында тас жол және темір жол маңайында жүгірмек.Балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. **Дәйексөз: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптаркарау және тағы басқа әрекеттер)			**«Ұшқыр ой алаңы»** **Тақырыбы: «Тұғыры бинк туған тіл»** **Мақсаты:** Жас ұрпақты ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге шақыру. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу. **Қазақ тілі**	**«Су-өмір көзі»** **Балаларға су туралы мағлұмат беру.**	**«Смарт бала» жобасы** **«Гүлдерді Құрастыру»** **Мақсаты:** Алғашқы шығатын гүлдер туралы түсінік беру гүлдерді құрастыру Әлеуметтік дағдылар
Таңертеңгі жаттығу	**Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені** (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою,Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау патриоттық сезімдерін ояту.				
Таңғы ас	**«Үнемді тұтыну»Жылуды үнемдеу. Жылу шығынын азайту үшін үйде есік пен терезені жақсылап бітеу қажет. Жылу беретін реттегіш орнату.** Қабырғасы шойыннан				

	Омыртқасы шойынпан, Жылыту үшін бөлмені. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында карапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету(**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе карындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.	Кеңістік туралы түсініктерді бекіту:заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта,оң жақта,жоғарыда, төменде);қозғалыс бағыттары:сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге,алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта,оны белгі бойынша өзгерте отырып,бағдарлауын қалыптастыру.Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			**1.Сауат ашу негіздері** **Тақырып:**«Ойнай отырып оқимыз» **Мақсаты:**Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру. Ойындар арқылы логикалық ойлауларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту.Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **2.Сөйлеуді дамыту**	**1. Музыка** **Жетекші жоспарымен** **2.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:**«Ойнай отырып оқимыз» **Мақсаты:**Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру. Ойындар арқылы логикалық ойлауларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту.Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәр-	**1.Көркем әдебиет** **Тақырып:** «Шалқан» **Мақсаты:**Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп үйрету, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу. **2.Математика негіздері:** **Тақырыбы:**«Бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру.. **Мақсаты:**Бөліктерден

